

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының жанындағы философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі 6D040000 – «Өнер» Диссертациялық кеңесі бекіткен ресми пікір білдіруші өнертану кандидаты, Қазақ ұлттық хореография академиясының доценті Исламбаева Зухра Усманбековнаның докторант Султанова Жанагуль Сердалиевнаның 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша «Еуропа театры мен қазақ театр өнерінің өзара қарым-қатынас мәселесі» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмысына

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми-техникалық дамуының сұраныстарымен) байланысы.

XX ғасырдың басында қазақ жерінде қоғамдық-саяси өзгерістер мен бірге мәдени-рухани алға жылжу процесінің орын алғаны белгілі. Азамат соғысы, Қазан төңкерісі, кеңестік одақтың құрамына ену, Екінші дүниежүзілік соғыс тәрізді әртүрлі қоғамдық формацияларды бастан кешкен қазақ жерінде XX ғасырда қоғамның барлық саласында қайта жандану, жаңа өмірге қадам басу процесі жүрді. Мұның әсіресе қазақ қоғамының мәдени дамуына, рухани өрлеуіне үлкен себеп болғаны рас. Кеңес одағы тұсында өзге одақтас елдермен шығармашылық қарым-қатынас жасау, тәжірибе алмасу үрдісі болғанмен мәдениеті, театр өнері өте ерте кезден-ақ дамыған батыс, еуропа елдерімен режиссерлік және актерлік өнер барысындағы байланыс, сабақтасу болған жоқ. Ал, қазіргі қолға алынып, жүзеге асырылып отырған алыс-жақын шетелдермен қай салада болмасын қарым-қатынас жасау тәуелсіздіктің ең басты жетістігі саналады және интеграциялану үдерісінің маңызын байқатады.

Қазақ театр өнерінің жаһандық қауымдастық үрдісіндегі алға жылжу процесін, алыс және жақын шетелдермен рухани-мәдени байланысын ғылыми негізге түсіру, кәсіби зерттеу, қоғамның XXI ғасырдағы өрлеу, өркендеу сипатымен салыстыра саралау уақыт талабынан туындап отыр. Себебі, адамзаттық-әлеуметтік сұрақтар төңірегінде әлем, оның ішінде қазақ және еуропа театрларының сахналық ізденістерін, олардың өзара қарым-қатынас генезисін, еуропа театрының қазақ сахна өнерінің бүгінгі дамуына ықпалын жаңа көзқараста талдау, зерттеу аса маңызды. Қалың көпшілікті тәрбиелеп, әрбір көрерменіне ой салатын, оның жақсы мен жаманды таразылауына зор мүмкіндік беретін, өткенге үңіле отырып, келешек үшін жарқын көзқарас қалыптастыратын көпфункционалы театр өнерінің қазіргі уақыттағы даму қарқыны өте жылдам және оның көркемдік сұранысы мен талабы күн сайын артып келеді. Осыны негізге алатын болсақ, Ж.С.Сұлтанованың аталған зерттеу еңбегі сол сұраныс пен шығармашылық талаптардың орындалу барысына нақты жауап бере алады.

